

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
Министрлігі

Ахмет Байтұрсынов  
атындағы  
Қостанай мемлекеттік  
университеті



Министерство образования  
и науки Республики  
Казахстан

Костанайский  
государственный  
университет имени  
Ахмета Байтұрсынова

# Байтұрсынов оқулары

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ

## Байтұрсыновские чтения


МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

## Baitursynov readings

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND RESEARCH CONFERENCE  
CONTENT



EXPO 2017  
Future Energy



1-інші бөлім

Сәуір, 2017

МАЗМУНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

	АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ПРАВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ КОНЦЕССИОННЫХ ОТНОШЕНИЙ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ БЕЛАРУСЬ И РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	307
МАЙСАТАЕВА А.Ш.	АДАМНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫ- ЛЫҚТЫҢ БІР ТҮРІ - АЗАПТАУЛАР МӘСЕЛЕСІН ҚАРАСТАРЫУ.....	312
АКСЕМЕНОВА А.М. АРЫСАЕВ С.С.	ТОРГОВЛЯ ЛЮДЬМИ В КАЗАХСТАНЕ.....	315
АСКАНДЕЕВА Г.Қ.	ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҮКІМЕТИНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	319
БАРЫШНОВА Л.Т.	СӘБИ САУДАСЫ – ЖАНҒА БАТАРЛЫҚ АУЫР МӘСЕЛЕ.....	322
ОРАЗБАЕВ Ә.С	ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕ СОТ БАҚЫЛАУЫН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУДАФЫ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ.....	324
ТАЛТАНОВА И.К.	НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ В СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ.....	328
ТАСТАНОВ А.М. ЕЛИМБАЕВ Е.Е.	УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ.....	332
ТАТАНОВ М.А. МЕНДЫБАЕВ Т.А.	ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ, ЦЕЛИ И ПРИЗНАКИ АМНИСТИИ КАК ГОСУДАРСТВЕННО-ПРАВОГО АКТА, ПОРЯДОК И ПЕРСПЕКТИВЫ ЕЕ ПРИМЕНЕНИЯ И РАСПРОСТРАНЕНИЯ.....	335
ТЮЛЮБАЕВА Д.А. ЖУСУПОВА Г.А.	СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО АУДИТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	338
<b>ҒЫЛЫМ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ПРАКТИКАДАФЫ САНДЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЦИФРОВЫЕ И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В НАУКЕ И ОБРАЗОВАНИИ</b>		
БРАЛИНА Т.Т. МУСЛИМОВА А.З.	БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҚАШЫҚТАРДА ОҚЫТУДА ОҚУ КУРСТАРЫН ЖАСАУДАФЫ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТИЛЕРІ.....	342
КАЗАКОВ А.И. ИВАНОВА И.В.	МЕХАТРОННЫЕ МОДУЛИ КАК СОСТАВЛЯЮЩИЕ МЕХАТРОННОЙ СИСТЕМЫ.....	343
МАДИН В.А. САЛЫКОВА О.С.	О РАЗРАБОТКЕ СИСТЕМЫ ПРОГРАММИРОВАНИЯ ТРАЕКТОРИИ ДВИЖЕНИЯ МОБИЛЬНОГО РОБОТА .....	346
ОРАЗАЛИНОВА Д.К.	ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ФИЗИКЕ .....	348
САЙТБЕК Е.З. САТМАГАНБЕТОВА Ж.З.	ИНСТРУМЕНТЫ WEB-ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КОНТЕНТОМ ЭЛЕКТРОННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СИСТЕМ.....	353
RUSLAN SALYKOV IRINA IVANOVA	USE OF INNOVATIVE SOFTWARE TECHNOLOGIES.....	357
ТЕМИРХАНОВ Н.Ф. АБАТОВ Н.Т.	ОБ РЕШЕНИИ НЕКОТОРЫХ СИСТЕМ НЕРАВЕНСТВ.....	359
ТЕМИРХАНОВ Н.Ф. АБАТОВ Н.Т.	МЕТОДЫ РЕШЕНИЯ НЕКОТОРЫХ ПОКАЗАТЕЛЬНЫХ НЕРАВЕНСТВ .....	361
ЧЕРНЯК Е.В. САЛЫКОВА О.С.	ЗАМОК С БИОМЕТРИЧЕСКОЙ ИДЕНТИФИКАЦИЕЙ.....	362

5. Тулагенова Е. «До семи тысяч казахстанцев подвергается риску трафика». [Текст]: Панorama, №12, 2005. – 2-3 с.

ӘОЖ 341.23

## ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Мукашева Г.Қ. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің, мемлекеттік - құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

Бұл мақалада автор шет елдердегі мемлекеттердің үкіметінің жауапкершілігінің барысы сипаттала отырып, оның кейбір ерекшелігі берілген.

Негізгі ұғымдар: заң, конституция, үкімет, жауапкершілік, актілер, министрлік

Бұғынгі заманда әр түрлі елдердің конституцияларына сайт атқарушы билік болса Франция, Грекия, Польшада және өзге де елдерде мемлекеттің басшысы мен үкіметке (кенеске, министрлер кабинетіне); АҚШ-та тек мемлекет басшысына президентке; Оманда монархқа; Израильде тек қана үкіметке тиесілі. Ал, олар атқарушы билікті төменгі тұрған дәрежедегі органдарға және лауазымдық тұлғаларға береді. Іс жүзінде көптеген елдерде мемлекеттің басшысы тек қана, формальды турде атқарушылық билікті иеленеді, парламенттік республикалар мен парламенттік монархияларда оны үкімет (кенес, министрлер кабинеті) іс жүзіне асырады және де президент, монарх болса үкіметтің «кенесі», нұсқауы бойынша құқықтық сипаттағы актілерді шығараады. Ал, үкіметтің алқалы сипаттағы органы (министрлер кенесі) әрекет етпейтін классикалық сипаттағы президенттік республикаларда (Бразилия, Мексика және т.б.), керісінше, билік болса президентке тиесілі болады. Жартылай президенттік сипаттағы республикаларда үкімет атқарушы биліктің қолында шоғырланған президентке есеп берсе, дегенмен мұндай елдердің конституциялары бойынша атқарушы билік тек қана үкіметке тиісті болуы мүмкін. [1, 1676].

Атқарушы билік органдары тек қана, заңдарды орындаумен шектелмейді. Сонымен бірге, олар басқарушылық сипаттағы қызметпен айналысады, бұл атқарушылық міндеттерді іс жүзіне асыруы керек. Сонымен қатар, мұндай органдар дербес өздері нормашығарушылық екілеттіктерді де иеленеді. Және де парламент берген өкілеттіктердің негізінде, не болмаса дербес түрде реттеуші билікті иелене отырып, президент, үкімет, министрлер қоғамның өмірінің аса маңызды саларын реттейтін көптеген нормативтік құқықтық актілер қабылдайды. Мұндай актілер болса кейбір кездері заңдан темен емес, тіпті кей жағдайда жоғары мәнге ие болады. Сонымен бірге, атқарушы билік органдары дискрециялық, яғни өздеріне бағынбайтын жеке және заңды тұлғаларға қатысты өзінің қалауы бойынша іс жүзіне асырылатын екілеттіктерді иеленеді. Дегенмен де, мұндай екілеттіктер заңының шеңберінде іс жүзіне асырылуы керек.

Федерацияның субъектілерінде (федерация субъектісінің өкілеттіктерінің шегінде) атқарушылық билікті федерация субъектілерінің заң шығарушы жиналыстары сайлайтын басшылары (губернаторлар және тағы да басқалары), жергілікті үкіметтер, облыстардың сайланатын немесе тағайындалатын губернаторлары іс жүзіне асырады.

Аумақтық автономияларда атқарушы билікті солардың сайланатын басшылары және үкіметтің өкілдері, әкімшілік-аумақтық бірліктерде – облыстардың, префектер, аудандардың басшылары, комиссарлар, супрефектер және президент пен үкіметтің басқа да өкілдері іс жүзіне асырады. Оларға өз кезегінде жергілікті мемлекеттік аппарат бағынады, ол аппарат жергілікті өзін-өзі басқару органдарының аппаратына қарағанда басқаша болып келеді.

Сонымен, өкілдік және сот органдарымен салыстырғанда атқарушы биліктің органдарының жүйесі бірыңғай бағыныстылықты құрайды: тәмен тұрған лауазымдық тұлғалар мен органдар жоғары тұрған органдар мен тұлғаларға бағынады, тек қана заңдарды емес, соған қоса жоғары тұрған

органдар мен лауазымды тұлғалардың нұсқамаларын орындауга міндетті; жоғары тұрған органдар төменгі тұрған органдардың актілерінің күштерін жоя алады.

Жауапкершілік үкіметтің мүшелерінің өз қызметтік міндеттерді орындау барысында немесе жеке тұлға ретінде, қандай да бір құқықтық бұзушылықтарды жасағандығына байланысты туындарды. Соңғы жағдайда көптеген мемлекеттерде үкіметтің мүшелері өзге де азаматтермен тікелей тән түрде жауп береді, бірақ та кей мемлекеттерде мнистрлік иммунитет көзделген: парламенттің қауысына сый министрді ерекше соттық жауапкершілікке тартады.

Үкіметтің қызметтік өз міндеттерін орындауды барысындағы жауапкершілігі қызметтік міндеттерді орындау барысында заңдарды бұзуы үшін, қылмыстары үшін (мемлекетке опасызыңык жасау және тағы да басқалары), өзінің қызметтік міндеттерін бұзғаны үшін және тіпті жұмыста белсенділігі төмен болғандығы үшін (әрине парламенттің пікірі бойынша) орын алуы мүмкін. Жауапкершілік қылмыстық, саяси, азаматтық, тәртіптік сипатта болуы да мүмкін. Сонымен қатар, Үкімет пен министрлердің саяси жауапкершілігі болса парламенттің, мемлекет басшысының және премьер-министрдің алдында орын алуы мүмкін.

Парламенттің алдындағы жауапкершілік болса үкіметке, не болмаса жекелеген министрге қатысты сенімсіздік вотумын (яғни, қарсылық резолюциясын) білдіруден, үкіметке қатысты сенім білдіруден бас тартудан және соның қорытындысында үкіметті таратудан не болмаса министрді лауазымынан босатудан, министрге қатысты импичмент жариялаудан көрініс табады.

Парламенттің алдындағы саяси сипаттағы жауапкершілік - әдетте төменгі тұрған палатаның не болмаса бір палаталы парламенттің алдындағы жауапкершілігі. Үкімет болса ете сирек жағдайларда жоғарғы тұрған палатаның алдында жаупаты болады (ал, Италияда үкімет болса екі палатаның алдында да жаупаты болады), дегенмен де министрге импичментті жоғарғы тұрған палата жариялады.

Үкімет пен министрлердің парламенттің алдындағы саяси сипаттағы жауапкершілігі ортақ және жеке де болуы мүмкін. Ортақ жауапкершілік кезінде сенімсіздік тек қана үкіметтің бір мүшесіне білдірілсе де, өз кезегінде үкімет толығымен таратылады (Испания, Франция, Куба), жеке жауапкершілік болған кезінде парламент сенімсіздік білдірген министрғана өз лауазымынан босатылады. Кей мемлекеттерде жауапкершіліктің екі түрі де белгілену мүмкін. [2, 1716].

Қазіргі уақытта үкіметке және министрлерге сенімсіздікті білдіру үдірісінің күрделенуі байқалады (мұндай сипаттағы ұсынысты енгізу кезіндегі парламенттің депутаттары қолының көп болу қажеттігі - Чехияда палата құрамының төрттен бір белгінің, Беларусьте үштен бір белгінің; көптеген мемлекеттерде конструтивтік сенімсіздік вотумының енгізілуі және тағыда басқалары).

Екінші жағынан алғанда, сенімсіздікті білдіру үдірістерінің күрделенуімен қатар солардың кеңінен тарапу жағдайы байқалады. Латын Америкасының президенттік республикаларында (Коста-Рика, Венесуэла, Уругвай және тағы басқалары) осы процедура болса бірқатар талаптарды орындауды арқылы жекелеген министрлерге қолдануы мүмкін (осы мемлекеттердегі үкімет президенттің кабинеті болып қабылады). [2, 1726].

Мемлекеттің басшысының алдындағы саяси сипаттағы жауапкершілік президенттік президенттік-парламенттік республикаларда және жартылай абсолюттік, дуалистік монархияларда ерекше орын алуы мүмкін (тек парламенттік монархияларда болмайды). Монарх не болмаса президент премьер-министрді, оның қорытындысында, үкіметті не болмаса жекелеген министрді лауазымынан босатады.

Министрлердің премьер-министрдің алдындағы саяси сипаттағы жауапкершілігі әдетте парламенттік республикада және парламенттік монархияда пайдаланылады, ол мемлекеттерде премьер-министр (партия, блок көшбасшысы) айрықша лауазымды иеленеді. Ол маңызды мәселелер негізінде келіспеушіліктер орын алғанда премьер-министрдің министрлердің қызметтен босатудан көрінеді.

Германияда канцлер болса министрлерді орынсыз болған саяси сөздері үшін оларды лауазымынан босатудың жағдайлары болған. Президенттік-парламенттік республикаларда министрді лауазымынан босатуы үшін премьер-министр болса президенттің келісімін алуы керек, себебі министрлерді президент езі тағайындаиды.

Үкімет және министрлердің саяси тұрғыдағы жауапкершілігі құқық бұзушылықтармен еш байланысты емес. Парламент үкімет пен министрлерге жұмыстағы кемшіліктері, жіберген қателіктер үшін, үкімет не болмаса министрдің саяси бағыты дұрыс емес деп саналғанда, көп жағдайда этикалық нормаларды ерескел түрде бұзғаны үшін сенімсіздік білдіреді. Саяси жауапкершіліктің нысанын президент не болмаса премьер-министр бұл негіздер бойынша пайдаланылады.

Министрлердің қызметтік сипаттағы міндеттерін орындаудың барысында жасаған қылмыстары үшін, қылмыстық сипаттағы жауапкершілігінің нысаны бірдей болмайды. Бір мемлекеттерде премьер-министр және министрлердің қылмыстық сипаттағы жауапкершілікке тартылғанына дейн президентке қойылатын импичментке ете үқсас импичмент жариялануы да мүмкін. Ал, өзге

**ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНЫң ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ:**  
**ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРКЕС**  
**АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЮРИДИЧЕСКОЙ НАУКИ:**  
**ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ, БЕЗОПАСНОСТЬ И БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ**

мемлекеттерде парламент импичмент жарияламай, тек айып тағады (мысалы Франция, Польша). Бұл ретте министр болса арнайы сottың алдында жауапкершілік тартылады (Франция - Сот торелігінің жоғарғы соты, Польшада - Мемлекеттік трибунал). [3, 171б].

Жалпы алғанда қылмыстары (әрине, лауазымдық емес) үшін министрді жалпы сот сottай алады, әдетте жалпы қагида іс әрекет етеді: егер министрлер иммунитетке ие болған болса (ал, көп мемлекеттерде олар иммунитетке ие), онда бастапқы айып болса парламентпен тағылуы керек. Дегенмен жалпы ережеден ауытқулар да орын алады.

Азаматтық жауапкершілік үкімет және министрлер қызметтік міндеттерін орындау барысында заңдарды бұза отырып, жеке және заңды тұлғаларға зиян келтірген ретте оларға қатысты талап-арыз беруден көрініс табады. Мұндай сипаттағы талап-арыздар жиі беріледі.

Ал, тәртіптік жауапкершілік болса жеке сипатқа ие. Ол президент немесе премьер-министрдің министрлерге жұмыстағы жіберілген қателіктері үшін жаза тағайындаудың көрініс табады.

Сол сияқты, Жапония елінде министрлер болса сottың алдында жауапкершілікке тартылған ретте бірқатар кепілдіктерге ие болады: ол үшін премьер-министрдің ез көлісімі керек. Жапония еліндегі министрлер болса әдетте кәсіби саясаткерлер емес, партиялық сипаттағы саясаткерлер болып табылады және олар өз кезегінде жиі ауыстырылып тұрады. Министрліктің шын мәніндегі басшысы - министрлік аппаратының әкімшіліктің басшысы (министр ауысқан ретте өз ісін одан әрі жалғастыра беретін "әкімшілік министр"). Парламенттің қызметтіңде сияқты, үкіметтің қызметтіңде де кәсіби бюрократияның рөлі ете жоғары.

Ал, Үндістан елінде егер Халықтық палата болса үкіметке сенімсіздік білдірсе, ол таратылуға не болмаса президентке палатаны таратып, жаңадан сайлауды белгілеу жөніндегі етінішпен жолдауға міндетті. Тәжірибеде Үндістан елінде үкіметке сенімсіздік ешқашанда білдірген емес. Бұл әрине түсінікті де: себебі, үкімет болса палатадағы көпшілік партиялардың көш басшыларынан құралады. [4, 1896]. Дегенмен, коалицияның ыдырауына және те үкіметтің палатадағы орындардың көпшілік басым белгін жоғалтуына байланысты ол бірнеше мәрте өз еркімен тарады және президент болса палатаны тарату және мерзімінен бұрын сайлауды өткізу жөнінде шешім қабылдады.

Үкіметтің Халықтық палатаның алдындағы ұжымдық жауапкерші мүшелері болса президенттің алдында жеке дара жауапкершілікте болады (тәжірибеде – премьер-министрдің алдында жауапты болады). Яғни, президент болса премьер-министрдің кеңесі негізінде кез келген министрді қызметтінен да босата алады.

Қытайдағы 1993 жылғы мемлекеттік қызметшілер жөнінде уақытша ереже мемлекеттік қызметке алуы барысында комиссияның тексеруін және емтиханды. саяси тұрғыдағы әңгіме жүргізуі және әр жыл сайынғы аттестацияны көздейді. Мемлекеттік қызметшілерге өз кезегінде кәсіпкерлікпен, саудамен, табыс әкелетін баска да шаруашылық қызметпен айналысуга тыбымдар салынады.

Ұлыбритания елінде министрлерге қатысты импичмент институтыда бар, бірақ ол өз кезегінде соңғы рет 1805 жылы қолданылды. Жергілікті жерлерде министрліктердің бөлімшелері (делегатуралары) болады, жергілікті өзін өзі басқарушы органдары муниципалдық полиция, өрт қауіпсіздігі және тағы басқалары салалардағы муниципалдық шенеуніктерді лауазымына тағайынлауда оларды ақылдастып отырады [5, 170б].

Ал, Франция елінің Конституциясында (68 және 68 баптар) министрлердің қызметтік міндеттерді орындауды барысында заңдарды бұзғандары үшін Республиканың сottының алдындағы қылмыстық жауапкершілігін белглейді (ол сottың 15 мүшесі болады: 12 мүше болса Парламенттің екі палатасымен тендей сайланады, ал 3 мүшесі – Кассациялық болып келетін сottың құрамындағы судьялар). [6, 105б].

Сонымен, шетелдік елдердің конституциялары мен заңдары бекітетін үкіметтің өзінің қызметі үшін жауапкершілігі негізгі болатын екі тұрге белуге болады: саяси жауапкершілік және заңдық жауапкершілік.

Саяси жауапкершілік негізінде үкімет және оның мүшелері өздерінің қызметі үшін парламенттің және мемлекеттің басшысының алдында жауапты болады.

Парламенттің үкіметті жауапкершілікке тартуы болса парламенттік не болмаса аралас республикаларда орын алады және сенімсіздік вотумы деп аталатын институт арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, парламенттің үкіметтің республикалық бюджеттің орындалуы жөнінде есебін бекітуден бас тартуы өз кезегінде үкіметтің отставкасына алып келуі мүмкін.

Президенттік республикаларда мемлекеттің басшысы өзінің шешімімен үкіметтің басшысын не болмаса үкіметтің мүшелерін қызметтеннен босатады.

Заңдық жауапкершілік негізінде үкіметтің мүшелері белгілі бір құқықбұзушылық іс әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылады.

Бұл ретте үкіметтің басшысының не болмаса үкіметтің мүшелерінің өздерінің қызметтерін атқарудың барысында жасаған құқықбұзушылықтары үшін заңдық соңың ішінде қылмыстық сипаттағы жауапкершілікке тартылу мүмкіндіктөрі конституциямен арнайы түрде қарастырылады.

Үкімет — қай елдің болмасын мемлекеттік биліктің жоғары атқарушы органды. Үкімет түрлі мемлекеттерде түрліше аталуы мүмкін: мысалы, министрлер кабинеті, министрлер кеңесі, мемлекеттік кеңес, тағы басқалары.

Үкімет деп әдетте шетелдерде мемлекеттегі биліктің жүйесінде атқарушылық қызметті іс жүзіне асыратын органды атайды. Әрбір елде үкіметті түрліше атайды Конституцияларда болса үкімет атаяу: Үкімет, Кабинет, Министрлер Кеңесі, Федералдық Кеңес, Федералдық Үкімет, т.б. болып келеді. Үкіметтің ез ішінен болса Тұрақты Бюро. Кабинет. Президиум секілді органдар құрылуы мүмкін. Үкіметтің қызмет етуі болса, жеке өкілеттік берілген, және те оларды жүзеге асыру өзге лауазымды тұлғалар үшін занды салдар туғызатын, лауазымады тұлғалардың шешімі мен лауазымды тұлғалардың әрекеті арқылы жүргізіледі.

Үкіметтің өкілеттігі қай елді алып қарамасаңда өте кең ауқымды және мемлекеттегі атқарушылық билікті жүзеге асыруши орган болып табылады.

#### Әдебиеттер:

- 1 Ержанова, Ф. А. Конституционное право зарубежных стран: учебное пособие / Ф. А. Ержанова.- Караганда: ТОО "Арко", 2005 - 204 с.
- 2 Афанасьева О.В. Конституционное право зарубежных стран / О. В. Афанасьева и др. - М.: Норма, 2004. - 218 с.
- 3 Маклакова В.В. Иностранные конституционные права. М., 1996.-342с
- 4 Чиркин В.Е. Шетелдердің конституциялық құқығы: ерекше бөлім: оқулық /; орыс тілінен қазақшаға аударған. Б. Ә. Алтынбасов. - Астана : Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010. - 296
- 5 Д. Гарнер. Ұлыбритания: орталық және жергілікті басқармалары. -М, Прогресс, 1984.-390б.
- 6 Горшенева И. А., Короткова Г. О. Механизм формирования исполнительной власти во Франции // Административное и административно-процессуальное право. Часть 2. М.: ЮНИТИ-ДАНА. 2005. С. 98 – 105.
- 7 Мишин А.А. Конституционное (государственное) право зарубежных стран: учебник для вузов. М., 2006.

ӘОЖ 343.431(574)

### СӘБИ САУДАСЫ – ЖАНҒА БАТАРЛЫҚ АУЫР МӘСЕЛЕ

Нурханова Л.Т. – оқытушы, заң фаультеті, «Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті» РМКК

Дүние жүзінің басты мәселесіне айналып кеткен, соның ішінде қазіргі кезде Қазақстанның аумағындағы кең тараған мәселеге байланысты жазылған

Сәби саудасы, пайдакунемдік, қылмыс, тасжүрек

Ұлан қайыр елімізде ерте кездерде «тастанды бала», «тастанды әке-шеше» деген ұғымның өзі масқара болған. Ана құрсағынан жаңа ғана шырылданап шыққан сәбілердің өзі Жаратқан Иенің сыйы деп айтуға болады. Оларды саудағы салу әрекеті иманы жоқтардың Алла Тағала қаһарына ұшырауымен аяқталады деп ата-бабаларымыз сенген.

Қазіргі заманда, жаңа ғана туылған нәрестелер деген сез нені білдіреді? Бірінші жақтағылар үшін олар – өмірдің мәні, ұрпақты жалғастыруышылар болса, қалғандары үшін – қалтасын тыныға толтыратын мүмкіндік. Бұқаралық ақпарат құралдарынан бағана уақыттан бері шығып жатқан жанжалдар дәлел ретінде көрініс табады.

Сәбілерді саудаға салу бойынша қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданған жаңа Қылмыстық Кодексінің «Кәмелетке толмағандар саудасы» атты 135-бабына сәйкес көрсетілген болатын: «Кәселетке толмаған адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау.

Мұлкі тәркіленіп, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» Әрине, бұл қылмыс түрі үшін жазаны ауырлататын мән-жайлар қарастырылған. Мысалы, адамдардың алдын-ала сез байласуы арқылы, бірнеше рет, қызмет бабын пайдалану арқылы қылмыс жасау сияқты мән-жайлар ескерілсе, жеті жылдан он екі жылға дейін бас